

**"Кеден органдары алатын кедендік алымдардың ставкаларын бекіту туралы"  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 21 қаңтардағы № 24 қаулысына  
өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 13 ақпандағы № 56 қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 5 сәуірдегі №  
171 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 05.04.2018 № 171 (алғашқы ресми  
жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)  
қ а у л ы с ы м е н**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**2017 жылғы 1 наурыздан бастап қолданысқа енгізіледі**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Кеден органдары алатын кедендік алымдардың ставкаларын бекіту туралы  
" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 21 қаңтардағы № 24  
қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 14, 171-құжат)  
мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік кірістер органдары алатын кедендік алымдардың ставкаларын  
бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған мемлекеттік кірістер органдары алатын кедендік  
алымдардың ставкалары бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген кеден органдары алатын кедендік  
алымдардың ставкалары осы қаулыға қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы 2017 жылғы 1 наурыздан бастап қолданысқа енгізіледі және  
ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Б. Сағынтаев*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2017 жылғы 13 ақпандағы  
№ 56 қаулысына  
қосымша

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2011 жылғы 21 қаңтардағы

## Мемлекеттік кірістер органдары алатын кедендік алымдардың ставкалары

Кедендік төлемдердің атауы	Теңгемен ставкасы
1	2
Тауарларды кедендік декларациялау үшін кедендік алымдар	тауарға арналған декларацияның негізгі парағы үшін 2 5 0 0 0 т е ң г е ; тауарға арналған декларацияның әрбір қосымша парағы үшін 11000 теңге
Кедендік алып жүру үшін кедендік алымдар	50 км дейінгі қашықтыққа 5000 теңге, 50-ден 100 км дейінгі қашықтықта 7000 теңге, 100-ден 200 км дейінгі қашықтықта 11000 теңге, 200-ден 400 км дейінгі қашықтықта 52000 теңге, 400-ден 600 км дейінгі қашықтықта 72000 теңге, 600-ден 800 км дейінгі қашықтықта 114000 теңге, 800-ден 1000 км дейінгі қашықтықта 155000 теңге, 1000-нан 1500 км дейінгі қашықтықта 210000 теңге, 1500-ден 2000 км дейінгі қашықтықта 299000 теңге, 2000-нан 2500 км дейінгі қашықтықта 353000 теңге
Алдын ала шешім үшін төлем	2 9 0 0 0 т е ң г е